

"Апаттар медицинасының темір жол госпитальдары" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 мамырдағы № 258 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Апаттар медицинасының теміржол госпитальдары" акционерлік қоғамын оның жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысу үлесі бар "Апаттар медицинасының темір жол госпитальдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Серіктестік қызметінің негізгі түрі кең бейіндегі және мамандандырылған ауруханалар қызметі болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) қайта ұйымдастырылатын акционерлік қоғам мүлкінің есебінен серіктестіктің жарғылық капиталын қалыптастыруды;

2) серіктестіктің жарғысын бекітуді және оны Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 12.01.2018 № 7 қаулысымен

4. Осы қаулының 1-3-тармақтарында көрсетілген іс-шараларды аяқтағаннан кейін серіктестік осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысу үлесі бар 16 жауапкершілігі шектеулі серіктестікке (бұдан әрі – серіктестіктер) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 12.01.2018 № 7 қаулысымен

5. Серіктестіктер қызметінің негізгі түрі кең бейіндегі және мамандандырылған ауруханалар қызметі болып айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) қайта ұйымдастырылатын серіктестік мүлкінің есебінен серіктестіктердің жарғылық капиталдарын қалыптастыруды;

2) серіктестіктердің жарғыларын бекітуді және оларды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне серіктестіктердің мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын беруді;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының 4, 6-тармақтарында көрсетілген іс-шаралар аяқталғаннан кейін "Астана қаласының орталық жол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік қатысу үлесі Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

8. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 13 мамырдағы
№ 258 қаулысына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 12.01.2018 № 7 қаулысымен

Р/с №	Заңды тұлғалардың атауы	Орналасқан жері
1	"Көкшетау теміржол ауруханасы" ЖШС	Көкшетау қаласы
2	"Астана қаласының орталық жол ауруханасы" ЖШС	Астана қаласы
3	"Оқу-клиникалық орталығы" ЖШС	Алматы қаласы
4	"Алматы теміржол ауруханасы" ЖШС	Алматы қаласы
5	"Ақтөбе теміржол ауруханасы" ЖШС	Ақтөбе қаласы
6	"Атырау теміржол ауруханасы" ЖШС	Атырау қаласы
7	"Защита теміржол ауруханасы" ЖШС	Өскемен қаласы
8	"Семей теміржол ауруханасы" ЖШС	Семей қаласы
9	"Жамбыл теміржол ауруханасы" ЖШС	Тараз қаласы
10	"Орал теміржол ауруханасы" ЖШС	Орал қаласы
11	"Қарағанды теміржол ауруханасы" ЖШС	Қарағанды қаласы
12	"Қызылорда теміржол ауруханасы" ЖШС	Қызылорда қаласы
12-1	"Қазалы теміржол ауруханасы" ЖШС	Қазалы қаласы
13	"Қостанай теміржол ауруханасы" ЖШС	Қостанай қаласы
14	"Павлодар темір жол ауруханасы" ЖШС	Павлодар қаласы
15	"Шымкент теміржол ауруханасы" ЖШС	Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 13 мамырдағы
№ 258 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 12.01.2018 № 7 қаулысымен

Р/с №	Занды тұлғалардың атауы	Мемлекеттің қатысу үлестерінің мөлшері
1	"Көкшетау теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
2	"Оқу-клиникалық орталығы" ЖШС	100 %
3	"Алматы теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
4	"Ақтөбе теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
5	"Атырау теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
6	"Защита теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
7	"Семей теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
8	"Жамбыл теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
9	"Орал теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
10	"Қарағанды теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
11	"Қызылорда теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
11-1	"Қазалы теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
12	"Қостанай теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
13	"Павлодар теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %
14	"Шымкент теміржол ауруханасы" ЖШС	100 %

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 13 мамырдағы
№ 258 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері және қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Ақмола облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-12-жолмен толықтырылсын:

"13-12. "Көкшетау теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Астана қаласы" деген бөлімдегі реттік нөмірі "21-116. "Апаттар медицинасының темір жол госпитальдары" АҚ деген жол алып тасталсын;

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 123-149, 123-150-жолдармен толықтырылсын:

"123-149. "Оқу клиникалық орталығы" ЖШС

123-150. "Алматы теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Ақтөбе облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 133-6-жолмен толықтырылсын:

"133-6. "Ақтөбе теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Атырау облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 145-6-жолмен толықтырылсын:

"145-6. "Атырау теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Шығыс Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 165-15, 165-16-жолдармен толықтырылсын:

"165-15. "Защита теміржол ауруханасы" ЖШС

165-16. "Семей теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Жамбыл облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 180-5-жолмен толықтырылсын:

"180-5. "Жамбыл теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Батыс Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 194-5-жолмен толықтырылсын:

"194-5. "Орал теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-17-жолмен толықтырылсын:

"214-17. "Қарағанды теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Қызылорда облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 218-6-жолмен толықтырылсын:

"218-6. "Қызылорда теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Қостанай облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 229-11-жолмен толықтырылсын:

"229-11. "Қостанай теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Павлодар облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 265-11-жолмен толықтырылсын:

"265-11. "Павлодар теміржол ауруханасы" ЖШС";

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 303-жолмен толықтырылсын:

"303. "Шымкент теміржол ауруханасы" ЖШС";

көрсетілген қаулымен бекітілген акциялардың мемлекеттік пакеттері және үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 107-10-жолмен толықтырылсын:

"107-10. "Астана қаласының Орталық жол ауруханасы" ЖШС".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелену және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 266-6-жол алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 266-11, 266-12, 266-13, 266-14, 266-15, 266-16, 266-17, 266-18, 266-19, 266-20, 266-21, 266-22, 266-23, 266-24-жолдармен толықтырылсын:

266-11. "Көкшетау теміржол ауруханасы" ЖШС

266-12. "Оқу-клиникалық орталығы" ЖШС

266-13. "Алматы теміржол ауруханасы" ЖШС

266-14. "Ақтөбе теміржол ауруханасы" ЖШС

266-15. "Атырау теміржол ауруханасы" ЖШС

266-16. "Защита теміржол ауруханасы" ЖШС

266-17. "Семей теміржол ауруханасы" ЖШС

266-18. "Жамбыл теміржол ауруханасы" ЖШС

266-19. "Орал теміржол ауруханасы" ЖШС

266-20. "Қарағанды теміржол ауруханасы" ЖШС

266-21. "Қызылорда теміржол ауруханасы" ЖШС

266-22. "Қостанай теміржол ауруханасы" ЖШС

266-23. "Павлодар теміржол ауруханасы" ЖШС

266-24. "Шымкент теміржол ауруханасы" ЖШС".

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"3. Төтенше жағдайлар комитеті" деген бөлімде:

"Акционерлік қоғамдар" деген кіші бөлімдегі реттік нөмірі 2-жол алып тасталсын;

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер" деген кіші бөлімдегі "Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-жолдармен толықтырылсын:

"2. "Көкшетау теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. "Оқу-клиникалық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

4. "Алматы теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

5. "Ақтөбе теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

6. "Атырау теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

7. "Защита теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

8. "Семей теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

9. "Жамбыл теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

10. "Орал теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

11. "Қарағанды теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

12. "Қызылорда теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

13. "Қостанай теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

14. "Павлодар теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

15. "Шымкент теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.".

4. "Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 77-78-79, 588-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген басым тәртіппен жекешелендіруге жататын республикалық меншіктегі ірі ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1.1-жол алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын республикалық меншіктегі ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 4-1.5, 4-1.6, 4-1.7, 4-1.8, 4-1.9, 4-1.10, 4-1.11, 4-1.12, 4-1.13, 4-1.14, 4-1.15, 4-1.16, 4-1.17, 4-1.18-жолдармен толықтырылсын:

"4-1.5. "Көкшетау теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.6. "Оқу-клиникалық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.7. "Алматы теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.8. "Ақтөбе теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.9. "Атырау теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.10. "Защита теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.11. "Семей теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.12. "Жамбыл теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

4-1.13. "Қарағанды теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

- 4-1.14. "Қызылорда теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- 4-1.15. "Қостанай теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- 4-1.16. "Павлодар теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- 4-1.17. "Орал теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- 4-1.18. "Шымкент теміржол ауруханасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК